



Идурсульфаза препаратын тасымалдау және сақтау жөніндегі жадынама



Сіздің қолыңызда балаңыздың өмірі үшін маңызды препарат бар.

Идурсульфаза препараты температураның өзгеруіне өте сезімтал және оның емдік қасиеттері мен қауіпсіздігін сақтау үшін қарапайым тасымалдау және сақтау ережелерін орындауыңыз қажет.

ТАСЫМАЛДАУҒА ЖӘНЕ САҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:



1. Препаратты тек тоңазытқышта 2-ден 8 градусқа дейінгі температурада тасымалдау және сақтау қажет.

* Провизордан оның тасымалды тоңазытқышы немесе тоңазытқыш-сөмкесі бар-жоғын нақтылаңыз, сізге тасымалдау кезінде беруі мүмкін.

* Егер провизор тоңазытқыш-сөмкені бере алмаса немесе сіз үнемі Элапраза препаратын алып жүруіңіз керек болса, тоңазытқыш-сөмкені өзіңіз сатып алғаныңыз жөн.



2. Мұздатып қатыруға болмайды



3. Тек түпнұсқа қаптамада сақтаңыз



4. Препаратты шайқауға болмайды.



5. Препаратты үйде азық-түлікпен бірге тоңазытқышта сақтамаңыз. Препаратты дереу ЕПМ-ге беруге тырысыңыз



6. Сұйылтқаннан кейін препаратты 2°C-ден 8°C-ге дейінгі температурада 24 сағаттан асырмай сақтайды

Есіңізде болсын: «Суықтізбекті» үздіксіз сақтау-тиімді және қауіпсіз терапияның кепілі.

- ✓ Егер қандай да бір себептермен температура режимі бұзылса, бұл туралы міндетті түрде дәрігерге хабарлаңыз.
- ✓ Егер ерітіндінің түсі өзгеріп кетсе немесе оның ішінен бөгде қосылыстар табылса, препаратты қолдануға тыйым салынады.
- ✓ Ерітіндіні шайқамаңыз.